

## Microsoft Cloud келісімі

Microsoft Cloud туралы келісім өзіңіз өкілдік ететін ұйым немесе Жазылымды сатып алуға немесе жаңартуға байланысты ұйым өкілі болмасаңыз, жеке өзіңіз («Тұтынушы») және Microsoft Regional Sales Corporation («Microsoft») арасында жасалады. Ол төмендегі шарттар мен талаптардан, пайдалану құқықтарынан, қызмет көрсету деңгейі туралы келісімнен (ҚДК) және сол құжаттардағы сілтеме жасалған барлық құжаттардан (барлығы «келісім») тұрады. Бұл келісім Делдал жазылымды дайындаған күннен бастап өз күшіне енеді. Негізгі ережелер 10-бөлімде көрсетіледі.

### 1. **Меншік құқықтары, құқықтар мен шарттар.**

Бұл келісімдегі барлық құқықтар ерекше емес және үшінші тараптарға берілмейді, сонымен бірге Тұтынушы не оның Аффилириленген тұлғалары бұл келісімнің шарттарын бұзбаған жағдайда қолданылады.

**a. Бағдарламалық жасақтама.** Әр тапсырысты қабылдаған соң, Microsoft Тұтынушыға Бағдарламалық құралды тапсырыс берілген мөлшерде пайдалануға шектеулі құқық береді.

**(i) Пайдалану құқықтары.** Тұтынушы Бағдарламалық құралға тапсырыс бергенде күшіне енетін Пайдалану құқықтары қазіргі уақыттағы Бағдарламалық құралдың нұсқасын Тұтынушының пайдалануына қолданылады. Келешектегі нұсқалар мен жаңа Бағдарламалық құрал үшін сол нұсқалар мен Бағдарламалық құрал бірінші рет шығарылған кезде күшіне енетін Пайдалану құқықтары қолданылады. Microsoft корпорациясы белгілі бір нұсқаның Пайдалану құқықтарына енгізетін өзгертулерді Тұтынушы қолдандыру параметрін таңдамайынша, ол өзгертулер қолданылмайды.

**(ii) Уақытша және мерзімсіз лицензиялар.** Жазылым негізінде қолжетімді болатын лицензиялар уақытша болып табылады. Барлық басқа лицензиялар үшін Бағдарламалық құралды пайдалану құқығы төлем толық төленгенше мерзімсіз болады.

**b. Online Services.** Тұтынушы бұл келісімде берілгендей Online Services жүйесін пайдалануға құқылы.

**(i) Online Services шарттары.** Тұтынушы Online Services қызметіне тапсырыс бергенде не жазылымын жаңартқанда күшіне енетін Online Services шарттары қолданыстағы жазылым шартына қолданылады. Тұтынуға қарай кезеңмен шот ұсынылатын Online Services үшін Online Services шарттары әр шот ұсынатын кезеңнің басында сол кезеңде пайдалануға қатысты болады.

**(ii) Уақытша тоқтату.** Тұтынушы Жарамды пайдалану саясатын бұзған немесе мәлімделген шарт бұзушылық шағымына жауап бере алмаған жағдайда, Microsoft корпорациясы Online Service қызметінің пайдаланылуын тоқтатуға құқылы. Online Service қызметін ойға қонымды уақытта тоқтатудан бұрын, Microsoft ұйымы Тұтынушыға ескерту жасайды.

**(iii) Соңғы пайдаланушылар.** Тұтынушы Түпкі пайдаланушылардың кіруін бақылайды және осы келісімге сәйкес Өнімнің пайдаланылуына жауапты болады. Мысалы, Тұтынушы Түпкі пайдаланушылардың Жарамды пайдалану саясатына сай келетініне көз жеткізеді.

**(iv) Тұтынушы деректері.** Тұтынушы барлық Тұтынушы деректерінің мазмұнына жауапты. Кез келген үшінші тараптың құқықтарын бұзбай немесе Microsoft корпорациясын Тұтынушыға немесе кез келген үшінші тарапқа басқаша

міндеттемей, Тұтынушы Online Services қызметтерімен Тұтынушыны қамтамасыз ету үшін Microsoft корпорациясына қажетті Тұтынушы деректеріндегі барлық құқықтарды қорғайды және сақтайды. Microsoft корпорациясы осы келісімде анық белгіленгеннен немесе тиісті заңмен талап етілгеннен басқа Тұтынушы деректеріне немесе Өнімді Тұтынушының пайдалануына қатысты міндеттемелерді қабылдамайды.

- (v) Тіркелгілеріңіз үшін жауапкершілік.** Тұтынушы Online Services қызметтерін Тұтынушының пайдалануына байланысты кез келген жалпы емес аутентификациялық тіркелгі деректерінің құпиялығын сақтауға жауапты. Тұтынушы бірден тұтынушыларды қолдау бөліміне Тұтынушының тіркелгілерін немесе аутентификациялық тіркелгі деректерін кез келген ықтимал дұрыс пайдаланбау немесе Online Services қызметтеріне қатысты кез келген қауіпсіздік оқиғасы туралы хабарлауы керек.
- с. Лицензияны ауыстыру.** Тұтынушы тек үшінші тараптарға (а) Үлестес тұлғаның немесе (б) Тұтынушы мен Үлестес тұлғаны қатыстыратын біріктірушінің барлығын немесе бір бөлігін иеліктен шығарудың бір бөлігі ретінде лицензия берілген аппараттық жасақтаманы немесе жұмыскерлерді табыс етуге байланысты ғана Тұтынушы (1) Үлестес тұлғаға немесе (2) үшінші тарапқа толық төленген шектеусіз лицензияны табыстай алатынын қоспағанда, лицензияны табыстауға рұқсат етілмейді. Осындай табыстаудан кейін Тұтынушы мен оның Үлестес тұлғалары лицензияланған Өнімді жоюға және пайдалануын тоқтатуға, сондай-ақ көшірмелерін пайдалануға жарамсыз етуге тиіс. Лицензияны осы шартқа сәйкес келмейтін түрде табыстау әрекетінің күші болмайды.
- d. Құқықтарды сақтау.** Өнім авторлық құқықтары туралы заңдармен және басқа заңдармен, зияткерлік меншік бойынша халықаралық келісімдермен қорғалады. Microsoft осы келісімде анық берілмеген барлық құқықтарды сақтайды. Бас тарту немесе құқықтарынан айыру арқылы ешқандай құқық берілмейді немесе қамтылмайды. Кез келген құрылғыда Бағдарламалық құрылғыға кіру не пайдалану құқықтары Тұтынушыға құрылғының өзінде немесе кез келген басқа бағдарламалық құралда не құрылғыларда Microsoft патенттерін не басқа интеллектуалды меншікті жүзеге асыруға ешқандай құқық бермейді.
- e. Шектеулер.** Тұтынушы Өнімді тек осы келісімге сай пайдалануға құқылы. Тұтынушының мына әрекеттерге құқығы жоқ (және лицензиясы жоқ): (1) Өнімді не Түзетуді кері құрастыру, декомпиляция жасау не бөлшектеу, не болмаса солай жасауға талпыну; (2) Microsoft зияткерлік меншігіне немесе басқа лицензиялық шарттар технологиясына сай бұзуы мүмкін Microsoft емес бағдарламалық құралын не технологиясын орнату не пайдалану; немесе (3) Өнімдегі не Түзетудегі техникалық шектеулер немесе Өнім құжаттарындағы шектеулер бойынша жұмыс істеу. Тұтынушы Online Services қызметтерін Тұтынушының пайдалануын өлшейтін кез келген шот ұсыну механизмін өшіруге, өзгертуге немесе басқалай айналып өтуге әрекет жасауға құқылы емес. Осы келісімде немесе Өнім құжаттамасында нақты рұқсат етілгеннен басқа, Тұтынушы Өнімдерді толығымен не жартылай таратуға, лицензия беруге, жалға беруге, қарызға беруге, қайта сатуға, не болмаса үшінші тарапқа хостинг қызметтерін ұсыну үшін оларды пайдалануға құқылы емес.
- f. Алдын ала шығарылымдар.** Microsoft Алдын ала қарау нұсқаларын қолжетімді етуге құқылы. **Алдын ала қарау нұсқалары «сол қалпында», «барлық ақаулармен бірге» және «қол жетімді түрінде» қамтамасыз етіледі және қызмет көрсету деңгейі туралы келісімдерге және осы келісімде қамтамасыз етілген барлық шектеулі кепілдіктерге қосылмайды.** Алдын ала қарау нұсқаларына тұтынушыларды қолдау қосылмауы мүмкін. Алдын ала қарау нұсқаларына Online Services шарттарында және алдын ала қарау нұсқасымен бірге қамтамасыз етілген кез келген қосымша

ескертулерде түсіндірілгендей азайтылған немесе басқа қауіпсіздік, талаптарға сәйкестік және құпиялық міндеттемелері қолданылуы мүмкін. Microsoft Алдын ала қарау нұсқаларын кез келген уақытта ескертусіз өзгертуге немесе тоқтатуға құқылы. Сондай-ақ Microsoft Алдын ала қарау нұсқасын «Жалпыға қолжетімді» етіп шығармауды таңдауға құқылы.

**g. Өнімдердің сәйкестігін тексеру.**

**(i) Сәйкестік тексеру құқығы.** Тұтынушы Өнімдерді Тұтынушының және оның Аффилириленген тұлғаларының толық пайдалануы мен таратуына қатысты жазбаларды сақтауға тиісті. Microsoft корпорациясының Өнімдердің лицензиялық шарттарына сәйкестігін өз есебінен тексеруге құқығы бар. Тұтынушы Microsoft жалдаған тәуелсіз аудиторлар тексеру жүргізу, оның ішінде Өнімдерді іске қосатын жүйелерге өту және Тұтынушы иелік ететін, сублицензиялайтын не үшінші тараптарға тарататын Өнімдердің лицензияларын растау үшін сұраған ақпаратты бірден беруге міндетті. Тұтынушы Microsoft өзіндік аудиттік тексеру жұмыстарын орындауға келіседі, сол бойынша Microsoft үшінші тараптың аудитіне сұрау салуы мүмкін.

**(ii) Сәйкестікке кірмейтін құралдар.** Егер тексеру не өзіндік аудит кезінде Өнімдердің лицензияланбай пайдаланылуы анықталса, онда 30 күннің ішінде (1) Тұтынушы оның пайдаланылуын қамтитын жеткілікті лицензияларға тапсырыс беруі керек және (2) егер лицензиясыз пайдалану 5% не одан көп үлесті құраса, Тұтынушы Microsoft корпорациясына Microsoft корпорациясының тексеруге кетірген шығындарын өтеп, ағымдағы соңғы баға және тұтынушылық баға деңгейі бойынша қажетті қосымша лицензияларды 125% бағамен сатып алуға тиісті. Лицензиясыз пайдалану пайыздық көрсеткіші нақты орнатылғандармен салыстырғанда ағымдағы пайдалануға сатып алынған жалпы лицензиялар санына негізделген. Егер лицензиясыз пайдалану анықталмаса, Microsoft Тұтынушы жағында кемінде бір жыл бойы басқа тексеру жұмыстарын өткізбейді. Жоғарыдағы құқықтар мен процедураларды пайдалана отырып, Microsoft бұл келісімді мәжбүрлі пайдалану немесе оның зияткерлік құқығын басқа заңды жолмен қорғау құқықтарынан бас тартады.

**(iii) Тексеру процесі.** Microsoft Тұтынушыға кемінде 30 күн бұрын алдын ала Тұтынушы және оның Аффилириленген тұлғалары пайдаланатын не тарататын Өнімдерге арналған лицензиялық шарттарға Тұтынушылардың сәйкестігін тексеру ниетін білдіреді. Microsoft корпорациясы құпиялық міндеттемесін ұстанатын тәуелсіз аудиторды жалдайды. Өзіндік тексеру кезінде жиналған ақпарат сәйкестікті анықтау мақсатына пайдаланылады. Бұл тексеру әдеттегі жұмыс күнінде және Тұтынушының жұмысына кедергі келтірмейтіндей өтеді.

## **2. Жазылымдар, тапсырыс беру.**

**a. Делдал таңдау.** Тұтынушы өз аймағында өкілетті Делдал таңдауы және ұстауы керек. Егер Microsoft немесе Делдал бизнесті бір-бірімен жалғастырмауды таңдаса, Тұтынушы балама Делдалды таңдау немесе жазылымды тікелей Microsoft ұйымынан сатып алуы қажет, бұл басқа шарттарды қабылдауды талап етуі мүмкін.

**b. Қол жетімді жазылым ұсыныстары.** Тұтынушыға қолжетімді жазылым ұсыныстарын оның Делдалы белгілейді және оларды әдетте төмендегілердің біреуі немесе бірнешеуі етіп жіктеп қарастыруға болады:

**(i) Online Services міндеттемесін ұсыну.** Тұтынушы Мерзім кезінде Online Services нақты мөлшерін сатып алуға және Online Services қызметін үзіліссіз пайдалану үшін ашық немесе кезеңмен төлеуге алдын ала міндеттеме алады.

**(ii) Тұтыну ұсынысы (сондай-ақ, «Пайдаланған мөлшерге төлеу» деп аталады).** Тұтынушы ашық міндеттемесіз нақты пайдалану бойынша төлейді.

**(iii) Шектеулі ұсыныс.** Тұтынушы Online Services шектеулі мөлшерін шектеулі мерзімге ақысын (мысалы, тегін сынақ нұсқа) немесе басқа Microsoft ұсынысының бөлігі (мысалы, MSDN) ретінде алады. Қызмет көрсету деңгейі туралы келісімдерге қатысты осы келісімдегі шарттар мен деректерді сақтау қолданылмауы мүмкін.

**(iv) Бағдарламалық құралдың міндеттеме ұсынысы.** Тұтынушы Мерзім кезінде Бағдарламалық құралдың нақты мөлшерін сатып алуға және Бағдарламалық құралды үзіліссіз пайдалану үшін ашық немесе кезеңмен төлеуге алдын ала міндеттеме алады.

**c. Тапсырыс беру.**

**(i)** Тапсырыстарды Тұтынушының белгіленген Делдалы арқылы беру керек. Тұтынушы осы келісімге сәйкес өз Аффилириленген тұлғалары үшін тапсырыс беруге және Аффилириленген тұлғаларына Жазылымды басқару құқықтарын беруге құқылы, бірақ бұл келісімге сәйкес Аффилириленген тұлғалар тапсырыс бере алмайды. Сондай-ақ Тұтынушы 1.а және 1.ә бөлімінде берілген құқықтарды үшінші тарапқа сол үшінші тарап Тұтынушының ішкі бизнесінде пайдалануы үшін тағайындауға құқылы. Егер Тұтынушы Аффилириленген тұлғаларға немесе үшінші тараптарға Бағдарламалық құралға немесе Тұтынушының Жазылымына қатысты кез келген құқықтарды берсе, сол Аффилириленген тұлғалар не үшінші тараптар осы келісімге бағынады және Тұтынушы Аффилириленген тұлғалардың немесе үшінші тараптың Өнімді пайдалануына бірлесе және бөлек жауапты болуына келісім береді.

**(ii)** Тұтынушының Делдалы Тұтынушыға Жазылым мерзімінде тапсырыс берілген Online Services мөлшерін өзгертуге рұқсат беруі мүмкін. Жазылымға қосылған Online Services қосымша мөлшерлерінің мерзімі сол Жазылымның соңында аяқталады.

**d. Бағалар және төлем.** Әрбір Өнім бағаларын және шот-фактура мен төлем шарттарын және талаптарын Тұтынушының Делдалы анықтайды.

**e. Жаңарту.**

**(i)** Жазылымды жаңартқан соң, Тұтынушыдан жаңа келісімге, осы келісімге қосымша келісімге немесе түзетуге қол қоюды талап етуі мүмкін.

**(ii)** Тұтынушы Делдалға Мерзім аяқталмай тұрып жаңартпау туралы ескерту бергенше, Тұтынушының Жазылымы автоматты түрде жаңартылады.

**f. Оқу, басқару және коммерциялық емес нұсқаларын пайдалану құқығы.** Тұтынушы оның академиялық, мемлекеттік немесе коммерциялық емес ұйым ұсынысын сатып алуына келіседі және Тұтынушы төмендегі сайттарда берілгені тиісті жарамдылық талаптарына сай келеді:

**(i)** Академиялық ұсыныстар үшін оқу мекемелеріне (соның ішінде басқару кеңселері немесе білім басқармалары, қоғамдық кітапханалар немесе қоғамдық мұражайлар) қойылатын талаптар мына бетте тізілген: <http://go.microsoft.com/academic>;

**(ii)** Мемлекеттік ұсыныстар үшін талаптар мына беттерде берілген: <http://go.microsoft.com/government>; және

**(iii)** Коммерциялық емес ұсыныстар үшін талаптар мына бетте берілген: <http://go.microsoft.com/nonprofit>.

Microsoft кез келген уақытта пайдалану құқығын тексеруге және талаптарға сәйкес болмаған жағдайда Online Service қызметін көрсетпеуге құқылы.

- g. Салықтар.** Тараптар екінші тараптың заң бойынша төлеуге міндетті және осы келісім бойынша жоспарланған транзакцияларға байланысты немесе соларға қатысты орын алған немесе пайда болған салықтарды төлеуге жауапты емес және барлық осындай салықтар заң бойынша осындай салықты төлеуге міндетті тараптың қаржылық жауапкершілігі болады.

### **3. Мерзім, Тоқтатылуы.**

- a. Келісім және тоқтату.** Тұтынушының Жазылым мерзімі біткенше немесе тоқтағанша (қайсысы ертерек болса), бұл келісім өз күшінде қалады. Тұтынушы бұл келісімді өз Делдалына хабарласу арқылы кез келген уақытта тоқтата алады. Бұл келісім мерзімінің бітуі немесе оның тоқтатылуы Тұтынушының тек осы келісім бойынша қосымша Өнімдерге жаңа тапсырыстар беру құқығын тоқтатады.
- b. Себеп үшін тоқтату.** Егер кез келген тарап бұл келісімді бұзса, екінші тарап бұзылған келісімді ескерту арқылы (толық не жартылай, оның ішінде тапсырыстарды) тоқтатуға құқылы. Егер бұзылған шарт 30 күн ішінде түзетілсе, тоқтататын тарап бұзған тарапқа 30 күн бұрын ескерту беруі және шартты түзету мүмкіндігін беруі керек.
- c. Жазылымнан бас тарту.** Тұтынушы Делдалы Жазылымнан Тұтынушы бас тартатын немесе тасымалдайтын шарттарды және талаптарды белгілейді.
- d.** Осы шарттың ережелерінің күшін тоқтатуды жүзеге асыру қажет болатын дәрежеде, тараптар осы шартты үзу үшін кез келген соттың құптауын, бұйрығын, шешімін немесе ұйғарымын сұрау немесе алу үшін кез келген қолданыстағы заң немесе заңнама бойынша өздері иеленетін құқықтардан немесе өздерінде қазір бар немесе болашақта болуы мүмкін міндеттемеден бас тартады.

### **4. Қауіпсіздік, құпиялық және деректерді қорғау.**

- a. Делдалдың әкімшілік қатынасы және Тұтынушылық деректер.** Тұтынушы мына шарттарды растайды және оларға келіседі: (i) Тұтынушы Делдалды таңдағаннан кейін, сол Делдал Мерзім бойы Online Services жүйесінің негізгі әкімшісі болады және басқару артықшылықтары және Тұтынушы деректеріне кіреді, дегенмен Тұтынушы өз Делдалынан қосымша әкімші артықшылықтарын сұрауға құқылы; (ii) Тұтынушы өз қарайы бойынша және Мерзімнің кез келген уақытында өз Делдалының басқару артықшылықтарын тоқтата алады; (iii) Тұтынушы деректеріне немесе Делдал көрсететін кез келген қызметтерге қатысты Делдалдың құпиялық тәжірибелері Тұтынушының өз Делдалымен жасаған келісімінің шарттарына сай келеді және Microsoft құпиялық тәжірибелерінен басқаша болуы мүмкін; және (iv) Делдал Тұтынушы деректерін, соның ішінде жеке деректерді жинай, пайдалана, тасымалдай, аша және басқаша өңдей алады. Тұтынушы Microsoft ұйымына Тұтынушы беретін ақпаратты және Тұтынушы деректеріне Online Services қызметіне тапсырыс беру, қамтамасыз ету және басқару мақсатында Microsoft корпорациясының Делдалға беруіне келісесіз.
- b.** Тұтынушы осы келісім шеңберінде Microsoft және оның агенттерінің жеке ақпаратты өңдеуіне келіседі. Тұтынушы осы келісімнің бір бөлігі ретінде үшінші тараптар (соның ішінде контактілер, делдалдар, әкімшілер және қызметкерлер) Microsoft корпорациясына жеке ақпарат беруді таңдауға құқылы. Тұтынушы жеке ақпаратты Microsoft корпорациясына беру алдында тиісті құпиялық және деректерді қорғау туралы заңдарға сай үшінші тараптардан барлық қажет келісімдерді алады.

- c. Құпиялық және қауіпсіздік туралы қосымша мәліметтер Online Services шарттарында берілген. Online Services шарттарында жасалған міндеттемелер тек осы келісім бойынша сатып алынған Online Services қызметіне қолданылады және Делдал қамтамасыз ететін қызметтерге немесе өнімдерге қолданылмайды. Егер Тұтынушы Делдалдың иелігіндегі бағдарламалық жасақтаманы немесе қызметтерді пайдаланса, осылайша пайдалану Делдалдың құпиялық саясатына бағынады, ал ол Microsoft корпорациясынікінен өзгеше болуы мүмкін.
- d. Заңмен талап етілгендей Тұтынушы Online Services жеке пайдаланушыларына деректері Делдалдың нұсқауы бойынша немесе заңмен талап етілсе, Тұтынушы құқық қорғау органдарына немесе басқа мемлекеттік органдарға ашу мақсатында өңделуі мүмкін екенін хабарлайды және пайдаланушылардың осыған келісімін алады.
- e. Тұтынушы Делдалды Microsoft корпорациясымен осы 4-бөлімнің мақсаттарында өзара әрекеттесу және нұсқауларды қамтамасыз ету мақсатында өз агенті етіп тағайындайды.

## 5. Кепілдік.

### a. Шектеулі кепілдік.

- (i) **Бағдарламалық жасақтама.** Microsoft корпорациясы Бағдарламалық құралдың әр нұсқасының қолданыстағы Өнім құжаттамасында сипатталғандай Тұтынушыға сол нұсқаға бірінші рет лицензия берілген бір жылда көп қолданылатынына кепілдік береді. Солай болмаса және Тұтынушы Егер Microsoft ұйымына кепілдік мерзімінде хабарламаса, онда Microsoft өз қарауы бойынша (1) Тұтынушыға Бағдарламалық құрал лицензиясына төленген бағаны қайтарады немесе (2) Бағдарламалық құралды жөндейді не ауыстырады.
- (ii) **Online Services.** Microsoft әр Online Service қызметінің Тұтынушының пайдалану уақытында қолданыстағы ҚДК сәйкес орындалатынына кепілдік береді. Кепілдік шарттарының бұзылуы тек қызмет деңгейі туралы келісімінде көрсетілгендей Тұтынушыға өтеледі.

Кепілдік шарттарының бұзылуы тек қызмет деңгейі туралы келісімінде көрсетілгендей Тұтынушыға өтеледі. Тұтынушы кепілдік кезеңінде жасалған кепілдік шарттарына бұзылуынан бас тартады.

- b. **Ерекшеліктер.** Бұл келісімдегі кепілдіктер байқаусызда жасалған мәселелерге, дұрыс пайдаланбауға немесе осы келісімге сәйкес пайдаланбауға, оның ішінде жүйеге қойылатын минималды талаптардың сақталмауына қатысты емес. Бұл кепілдіктер тегін не сынақ өнімдеріне, Алдын ала қарау нұсқаларына, Шектеулі ұсыныстарға немесе Тұтынушыға таратуға қайта рұқсат берген Өнімдердің компоненттеріне қатысты емес.
- c. **Бас тарту.** Жоғарыдағы шектеулі кепілдіктерден басқа, Microsoft корпорациясы Өнімдерге арналған кепілдіктермен не шарттармен қамтамасыз етпейді және Өнімдердің басқа арнайы, құқықтық негіздегі не заңмен белгіленген кепілдіктерінен, оның ішінде сапа, құқықтық негіз, заңды бұзбауға, сатуға жарамдылық және белгілі бір мақсатқа жарамдылық кепілдіктерінен бас тартады.

## 6. Үшінші тарап шағымдарын қорғау.

Тараптар осы бөлімде сипатталған үшінші тарап шағымдарынан бір-бірін қорғайды және қорғаушы тарапқа шағымды жазбаша бірден хабарласа және қорғауды және оны шешуді бақылау құқығы болса ғана, қолайсыз түпкілікті шешім немесе мақұлданған шешім нәтижесіндегі соманы төлейді. Қорғалып жатқан тарап қорғаушы тарапқа барлық сұралған көмекті, ақпарат пен өкілеттілікті беруі керек. Қорғаушы тарап көмек беруде заң бойынша басқа тараптың ұсақ шығындарын өтеуі қажет.

Бұл бөлімде тараптардың жеке қорғану құралдары және мұндай шағымдарға арналған бүкіл міндеттемесі сипатталады.

- a. **Microsoft жағынан.** Microsoft тегін қолжетімді ететін және осы келісім бойынша берілген лицензия шеңберінде пайдаланылатын (Microsoft берген үлгіден өзгермеген және басқаларымен біріктірілмеген) Өнім немесе Түзету сауда құпиясын заңсыз алғаны немесе патент, авторлық құқық, сауда белгісі немесе басқа үшінші тараптың меншіктік құқығын тікелей бұзғаны мәлімделген жағдайда, Microsoft корпорациясы Тұтынушыны үшінші тарап шағымынан қорғайды. Егер Microsoft коммерциялық ойға қонымды шарттар бойынша шарт бұзушылық туралы шағымды шеше алмаса, ол қалауы бойынша мына әрекеттерді орындауға құқылы: (1) Өнімді не түзетуді функциялық баламасымен өзгерту не ауыстыру; немесе (2) Тұтынушының лицензиясын тоқтату және мерзімсіз лицензиялар үшін алдын ала төленген лицензия ақыларын (бес жылдық, тікелей негізде құнсыздықтан аз) және тоқтатылған күннен кейін пайдалану кезеңі үшін Online Services қызметіне төленген соманы қайтару. Microsoft корпорациясы үшінші тараптың шағымына байланысты тоқтату туралы хабар алған соң, Тұтынушының Өнімді не Түзетуді үздіксіз пайдалануына байланысты шағымдарға не зақымдарға жауапты болмайды.
- b. **Тұтынушы тарапынан.** Қолданыстағы заңмен рұқсат етілген жағдайда, Тұтынушы Microsoft ұйымын мыналар мәлімделген кезде үшінші тарап шағымынан қорғайды: (1) Microsoft иелік ететін Online Service жүйесіндегі Тұтынушы деректері не Microsoft емес бағдарламалық жасақтамасы Тұтынушының атынан сауда құпиясын заңсыз алғанда немесе патент, авторлық құқық, сауда белгісі немесе үшінші тараптың басқа меншіктік құқығын тікелей бұзғанда; немесе (2) Тұтынушының Өнімді немесе Түзетуді жалғыз немесе басқа бірнәрсемен бірге пайдалануы заңды бұзған немесе үшінші тарапқа зиян келтіргенде.

## **7. Жауапкершілікті шектеу.**

Әр Өнім үшін осы келісім бойынша әр тараптың басқалардың алдындағы максималды, жинақтық ақшалай міндеттемесі төмендегілерге сәйкес осы келісімнің мерзімі ішінде Тұтынушыдан қолданыстағы Өнімдер үшін төлеу қажет етілген сомалардан аспайтын соманы келтірілген тікелей шығындармен шектеледі:

- a. **Online Services.** Online Services үшін Microsoft ұйымының шағымға дейін өсуі мүмкін жағдай үшін Тұтынушы алдындағы ақшалай міндеттемесі жағдайдан бұрынғы 12 ай ішінде Online Service үшін Тұтынушы төлеген сомадан аспайды; Microsoft кез келген Online Service үшін жалпы ақшалай міндеттемесі осы келісім бойынша Online Service үшін Жазылым кезінде сол Online Service үшін төленген сомадан аспаған жағдайда.
- b. **Тегін өнімдер мен таратылатын код.** Тегін берілген Өнімдер және Тұтынушы үшінші тараптарға Microsoft ұйымының бөлек төлемінсіз беруге рұқсаты бар код үшін Microsoft ақшалай міндеттемесі 5000 АҚШ долларына дейінгі тікелей шығындармен шектеледі.
- c. **Ерекшеліктер.** Ешбір тарап кірістен айырылуға немесе жанама, арнайы, байқаусыз, орынды, жазалау мақсатындағы шығынға, я болмаса пайдаланудан айырылудан, жоғалған табыстардан, кірістерден, жұмыстың тоқтап қалуынан немесе іскери ақпараттың жоғалуынан келген шығындарға, ақшалай міндеттеме салдарынан не соның негізінде болғанның өзінде, жауапты болмайды.
- d. **Ерекше жағдайлар.** Бұл бөлімдегі міндеттемелік шектеулер заң рұқсат берген ең көп деңгейге қолданылады, бірақ мына жағдайларда қолданылмайды: (1) 6-бөлімге сәйкес тараптардың міндеттемелері немесе (2) екінші тараптың зияткерлік меншік құқықтарын бұзу.



## 8. Қолдау және кәсіби қызметтер.

Тұтынушының Делдалы осы келісім бойынша сатып алынған Өнімдерге қолжетімді қолдау қызметтері туралы мәліметтер береді. Қолдау қызметтерін тек Делдал немесе оның уәкілетті тұлғасы орындай алады, кейде ол Microsoft болуы мүмкін. Егер Тұтынушы осы шарт бойынша кәсіби қызметтерді сатып алса, сол кәсіби қызметтерді атқару Пайдалану құқықтарының шарттары мен талаптарына бағынады.

## 9. Басқа шарттар.

- a. **Ескертулер.** Жауап қажет ескертулерді төмендегі мекенжайға поштамен жіберуіңіз қажет.

**Ескертулерді мына мекенжайларға жіберу керек:**

Microsoft аймақтық сату корпорациясы  
Dept. 551, Volume Licensing  
438B Alexandra Road, #04-09/12, Block B  
Alexandra Technopark  
Сингапур 119968

Сіз бізден электрондық ескертулер алуға келісесіз. Олар электрондық пошта арқылы Жазылымның атаулы тіркелгі әкімшісіне (әкімшілеріне) жіберіледі. Ескертулер алу туралы түбіртекте көрсетілген күні немесе электрондық пошта хабары жіберілген күні өз күшінде болады. Сіз Жазылымның атаулы тіркелгі әкімшісінің (әкімшілерінің) электрондық пошта мекенжайы дәл және ағымдағы болуын қамтамасыз етуге жауаптысыз. Біз сол электрондық пошта мекенжайына жіберген кез келген электрондық хабар сіз іс жүзінде электрондық хабар алсаңыз да, алмасаңыз да күшінде болады.

- b. **Тағайындау.** Бұл келісімді толықтай немесе бөлшектеп тапсыра алмайсыз. Microsoft ұйымы сіздің келісіміңізсіз осы келісімді тек Microsoft аффилиаттарының біреуіне тасымалдауы мүмкін. Тыйым салынған тағайындау орындалмайды.
- c. **Бөлінуі.** Егер осы келісімнің кез келген бөлігі күшіне енгізілмесе, қалған бөліктері толық күшінде қалады.
- d. **Бас тарту.** Осы келісімнің кез келген шарттарын күшіне енгізеу құқықтан бас тарту болып табылмайды.
- e. **Агенттіксіз.** Бұл келісім агенттікті, серіктестікті немесе бірлескен кәсіпорынды жасамайды.
- f. **Үшінші тарап бенефициарларының болмауы.** Бұл келісімнен пайда табатын үшінші тараптар жоқ.
- g. **Мердігерлерді пайдалану.** Microsoft ұйымы қызметтерді орындау үшін мердігерлер пайдалануға құқылы, бірақ осы келісімнің шарттарына сәйкес олардың жұмысына жауапты болмайды.
- h. **Тәуелсіз мердігер ретіндегі Microsoft.** Тараптар — тәуелсіз мердігерлер. Тұтынушы мен Microsoft басқаның құпия ақпаратын пайдаланбай, өнімдерді тәуелсіз әзірлеуге құқылы.



- i. **Келісім ерекше емес.** Тұтынушы Microsoft емес өнімдері мен қызметтерін лицензиялау, пайдалану және жарнамалау келісімдеріне еркін отырады.
- j. **Тиісті заң және орын.** Осы шарт ондағы заңнамалық қағидалардың қайшылығына қарамастан Вашингтон штатының заңдарымен реттеледі. Төмендегі (i) және (ii) бөлімдерге сәйкес, егер Microsoft осы шартты мәжбүрлеп орындату үшін сотқа берсе, Microsoft ұйымы Тұтынушының бас кеңселері бар жердегі сот органына жүгінеді. Егер Тұтынушы осы шартты мәжбүрлеп орындату үшін сотқа берсе, Тұтынушы АҚШ, Вашингтон штатында сотқа береді. Заң хүкімін бұл түрде таңдау кез келген тарапқа зияткерлік құқықтарының немесе құпиялық міндеттердің бұзылуына қатысты соттық тыйым салуды кез келген заң хүкімінде ізденуді шектемейді.
- (i) Егер Тұтынушының негізгі жұмыс орны Бруней, Малайзия, Жаңа Зеландия не Сингапурда орналасса, тараптар Сингапур соттарының айрықша емес заң хүкіміне келіседі.
- (ii) Егер Тұтынушының негізгі жұмыс орны Бангладеш, Камбоджа, Үндістан, Индонезия, Макао АӨА, Қытай Халық Республикасы, Шри-Ланка, Тайланд, Филиппин немесе Вьетнамда орналасса, шартқа байланысты пайда болатын кез келген дау, оның ішінде оның қолдануына қатысты сұрақ, заңдылығы немесе аяқталуы Сингапур Халықаралық Төрелік Орталығының (SIAC) төрелік ережелері бойынша Сингапурдың төрелік сотында қарастырылуы және ақырғы шешім қабылдануы тиіс. Бұл ережелер осы тармақшаға сілтеме арқылы байланысу үшін қосылған. Сот SIAC төрағасы ретінде бір төреден құрылуға тиіс. Төрелік талқылау ағылшын тілінде жүргізілуге тиіс. Соттың қаулысы шешуші, даусыз және орындалуға міндетті болады, ол жоғарыда аталған елде немесе кез келген жерде келесі үкімді шығару үшін қолданыла алады. Қолданыстағы заңнамамен рұқсат етілген ең үлкен шектерде, тараптар жалпы құқықтық сотқа жүгіну құқығынан немесе соған ұқсас көмек сұраудан бас тартады. Бұл шарттың ғана мақсатында Қытай Халық Республикасына Гонконг арнайы әкімшілік аймағы, Макао арнайы әкімшілік аймағы және Тайвань кірмейді.
- k. **Толық келісім.** Осы шарт тақырыпқа байланысты барлық шарттарды құрайды және кез келген алдыңғы немесе бір уақыттағы келісімдердің орнын ауыстырады. Осы келісімдегі кез келген құжаттар арасындағы қайшылық осы құжаттарда шешілмесе, олардың шарттары келесі төмендейтін басымдық ретімен реттеледі: (1) бұл келісі, (2) Өнім шарттары, (3) Online Services шарттары және (4) осы келісімдегі басқа құжаттар.
- l. **Жарамдылық.** Барлық ережелер келісімнің мерзімінде жұмысты талап ететіндерден басқа осы келісімді аяқтайды.
- m. **АҚШ экспорттық юрисдикциясы.** Өнімдер АҚШ-тың экспорттау туралы заңына бағынады. Тұтынушы барлық қолданыстағы халықаралық және мемлекеттік заңдарды, оның ішінде АҚШ-тың Экспортты басқару ережелерін, Халықаралық қару-жарақ тасу ережелерін және Microsoft өнімдеріне, қызметтері мен технологияларына қатысты АҚШ және басқа мемлекеттер шығарған түпкі пайдалану және жеткізу шектеулерін орындауы керек.
- n. **Форс-мажор.** Тараптар бір-бірінің тарапынан бақылаусыз жасалған себептерге байланысты жұмыстағы қандай да бір бұзылымдарға жауапкершілікке тартылмайды (мысалы, өрт, жарылыс, тоқтың болмауы, жер сілкінісі, су тасқыны, дауыл, ереуіл, эмбарго, еңбекшілер жанжалы, азаматтық немесе әскери үкімет әрекеттері, соғыс, терроризм (соның ішінде кибер терроризм), табиғи апаттар, интернет трафик жабдықтаушыларының әрекеттері немесе әрекетсіздігі, реттеуші немесе үкіметтік ұйымдардың әрекеттері немесе әрекетсіздігі (соның ішінде Online Services қызметтерін қамтамасыз етуге әсер ететін үкіметтік заңдар, ережелер немесе басқа актілер

қабылдауы)). Бұл бөлім берілген келісімге сәйкес төлемге қатысты міндеттері болмайды.

- o. Тендерлер ұйымдастырушы.** Егер заңды тұлға атынан осы шарттарды қабылдайтын жеке тұлға болсаңыз, сол заңды тұлғаның атынан осы келісімге кіруге заңды құқығыңыздың барын көрсетесіз.
- p. Үкіметтік тұтынушылар Майкрософт корпорациясымен кеңесуі қажет.** Үкіметтік тұтынушылар Майкрософт корпорациясымен қабылдаудан бұрын кеңесуі қажет. Егер Тұтынушы үкіметтік тұтынушы болса, осы келісімді қабылдас бұрын, Тұтынушы жергілікті заңдар мен үкіметтік сатып алу процестеріне толық сәйкес болу мақсатында Майкрософт өкілімен кеңесуге тиіс.
- q. Тұтынушының өтемақысы.** Төмендегі ереже тек Австралиядағы тұтынушыларға қолданылады:

Осы шарттағы ештеңеге қарамастан, Австралияның Бәсекелестік және Тұтынушылар туралы 2010 жылғы заңына және соған ұқсас штаттық және аумақтық заңдарын сәйкес тұтынушыларда белгілі бір құқықтар мен құқықтық қорғану құралдары болады, оларға қатысты міндеттемелерді шығарып тастауға болмайды. Егер олай болса, онда заңмен рұқсат етілген ең үлкен шектерде, (1) тауарлар ауыстырылған немесе (2) тауарлардың ақаулары түзетілген жағдайда, ал қызметтер көрсетуге қатысты (1) қызметтер қайта көрсетілген немесе (2) қызметтерді қайта көрсету құны жағдайында осындай міндеттеме Microsoft корпорациясының таңдауы бойынша шектеледі. Австралияның заңнамасы бойынша Microsoft корпорациясынан Microsoft тауарларын тұтынушының сатып алғаны туралы төмендегідей хабарлау талап етіледі: «Microsoft тауарлары Австралияның Тұтынушылар туралы заңы бойынша алып тастауға болмайтын кепілдемелермен келеді. Алмастыруға және үлкен олқылықтардың төленуіне және басқа да айтарлықтай болжанған жоғалту немесе зиян келтірудің өтелуіне Тұтынушының құқығы бар. Тауарлардың лайықты сапасы болмаса және аса үлкен олқылық болмаса, тауарларды жөндеуге немесе ауыстыруға да Тұтынушының құқығы бар.»

- г. Құқықтық міндеттеме.** Төмендегі ереже тек Жаңа Зеландиядағы тұтынушыларға қолданылады.
  - (i) Бизнес.** Microsoft Өнімді «жеткізуші» ретінде (осы термин 1993 жылғы Тұтынушы кепілдіктері туралы заңда («CGA») айқындалғандай) әрекет ететін жерлерде, Тұтынушы осы шарт бойынша Microsoft берген өнімнің бизнес (осы термин CGA заңында айқындалғандай) мақсаттары үшін алынғанын және CGA заңының Microsoft жеткізетін Өнімге қолданылмайтынын растайды.
  - (ii) Тұтынушылар.** Заңмен рұқсат етілген шектерді қоспағанда, осы шарттағы ештеңе де CGA бойынша «тұтынушының» құқықтарын шектеуді ниет етпейді, және осы шарттың талаптары сондай ниетті күшіне енгізі үшін керек болған шектерде түрлендірілуіге жатады.

## 10. Анықтамалар.

Осы келісімдегі «күн» сөзі күнтізбе күнін білдіреді.

«Рұқсат етілген әрекеттер жөніндегі саясат» Online Services шарттарында белгіленген.

«Серіктес» тараптардың бірімен иемденген немесе тараптардың ортақ меншігіндегі кез келген заңды тұлға болып табылады. «Меншік», осы анықтама мақсаттарына сай, ұйымның 50% астам үлесін басқаруды білдіреді.

«Тұтыну ұсынысы», «Міндеттеме ұсынысы» немесе «Шектеулі ұсыныс» Жазылым ұсыныстарының санаттарын сипаттайды және 2-бөлімде анықталған.

«Тұтынушы деректері» Online Services шарттарында анықталған.

«Түпкі пайдаланушы» сіз Online Services қызметтерінде орналастырылған Тұтынушы деректеріне кіруге рұқсат берген немесе Online Services қызметтерін басқаша пайдаланатын кез келген тұлғаны білдіреді.

«Түзету» Өнім түзетуін, өзгертулерді не жетілдірулерді немесе Microsoft жалпы шығарған туындаларды (мысалы, Өнім қызметі бумалары) білдіреді немесе белгілі бір мәселені жіберу үшін Тұтынушыға беріледі.

«Лицензиялық сайт» <http://www.microsoft.com/licensing/contracts> немесе одан кейінгі сайтты білдіреді.

«Microsoft шығармаған өнім» Online Services шарттарында анықталған.

«Online Services» Тұтынушы осы келісім бойынша жазылған Microsoft орналастырған интернеттегі қызметтердің кез келгенін білдіреді, соның ішінде, Microsoft Dynamics Online Services, Office 365 қызметтері, Microsoft Azure қызметтері немесе Microsoft Intune Online Services.

«Online Services шарттары» Лицензиялық сайтта жаңартылған және уақытылы жаңартылып отыратын Тұтынушының Online Services қызметін пайдалануына қатысты қосымша шарттарды білдіреді.

«Алдын ала қарау нұсқалары» тұтынушылардың пікірлерін алу үшін Microsoft ұсынған Online Services қызметтерінің немесе Бағдарламалық жасақтаманың алдын ала қарау, бета немесе шығарылым алдындағы нұсқасын немесе мүмкіндігін білдіреді.

«Өнім» барлық Бағдарламалық құрал, Online Services және басқа веб-қызметтер, оның ішінде Алдын ала қарау нұсқалары сияқты Өнім шарттарында анықталған барлық өнімді білдіреді.

«Өнім шарттары» корпоративтік лицензиялау арқылы қолжетімді болған Microsoft өнімдері мен кәсіби қызметтер туралы ақпарат қамтылған құжатты білдіреді. Өнім шарттары құжаты Лицензиялық сайтта жарияланады және уақыты жаңартылып отырады.

«Кәсіби қызметтер» осы шарт бойынша Тұтынушыға берілген Қолдау көрсету қызметтерін және Microsoft кеңес беру қызметтерін білдіреді. «Кәсіби қызметтерге» Онлайн қызметтер кірмейді.

«Делдал» Microsoft корпорациясы осы бағдарлама бойынша Бағдарламалық жасақтама лицензияларын және Online Service жазылымдарын сатуға рұқсат еткен және сіз Жазылым бойынша көмекті қамтамасыз ету үшін қатыстыратын ұйымды білдіреді.

«ҚДК» Online Services үшін минималды қызмет көрсету деңгейін анықтайтын және Лицензиялық сайтта жарияланатын Қызмет көрсету деңгейі туралы келісімді білдіреді.

«Бағдарламалық құрал» Өнім шарттарында анықталған Microsoft бағдарламалық құралының лицензияланған көшірмелерін білдіреді. Бағдарламалық құралға Online Services кірмейді, бірақ Бағдарламалық құрал Online Services бір бөлігі болуы мүмкін.

«Жазылым» Делдал көрсеткендей анықталған Мерзімге Online Services қызметтеріне тіркелуді білдіреді.

«Мерзім» Жазылымның ұзақтығын білдіреді (мыс., 30 күн немесе 12 ай).

«Пайдалану құқықтары» Лицензиялық сайтта жарияланатын және уақыты жаңартылатын әр Өнімнің пайдалану құқықтарын немесе қызмет көрсету шарттарын білдіреді. Пайдалану құқықтары Өніммен бірге жүретін түпкі пайдаланушының лицензиялық келісімінің шарттарынан басым болады. Бағдарламалық құралдың Пайдалану құқықтарын Microsoft ұйымы Өнім шарттарында жариялайды. Online Services қызметіне арналған Пайдалану құқықтары Online Services шарттарында жарияланады.